



БҰЙРЫҚ

«22» тамызы 2022 ж.

ПРИКАЗ

№ 59

**«Астана қаласының
Білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесі қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабы, 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік мекемесінің № 93 «Айгөлек» балабақшасы МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мемлекеттік мекемесінің № 93 «Айгөлек» балабақшасы МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүргізілсін:

1) мемлекеттік мекемесінің № 93 «Айгөлек» балабақшасы МКҚК қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мемлекеттік мекемесінің № 93 «Айгөлек» балабақшасы МКҚК ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жалпы кезең 2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 шілде аралығында анықталсын.

4. Жұмыс тобы:

1) талдамалық анықтаманы келісу және оған қол қоюды 2023 жылғы 18 тамызда қамтамасыз етсін;

2) Келісілген талдамалық анықтаманы мемлекеттік мекемесі басшысының қарауына 2023 жылғы 18 тамызда ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Менгеруші



Темірболат Ә.